

**Мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы “Mir”
№2 қамқоршылық кеңес хаттамасы**

Өткізілген күні: «08» қаңтар 2024 жыл

Өткізілген орны: Музыкалық зал

Қатысқандар: 10 педагог

Қатыспағандар: 0

Төраға: Жиенбаева М.Б

Хатшы: Рахатова А.Б.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 64-бабына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жақсарту жұмыстары туралы.
2. Балабақша тәрбиеленушілеріне арналған перспективалық ас мәзірін қарау және бекіту.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Едигина Жадыра Ондасыновна мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Топ бөлмелерін жабдықтау, балалар ойын алаңдарын жаңарту, оқу-тәрбие процесіне қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмыстары туралы ақпарат берді.

Қаулы етті:

1. Материалдық-техникалық базаны жақсарту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың қауіпсіздігі мен қолайлы жағдайын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
3. Қамқоршылық кеңес тарапынан ұсынылған іс-шаралар жоспары назарға алынсын.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Медбике Исаева Жанар және шаруашылық меңгерушісі Едигина Жадыра Ондасыновна тәрбиеленушілерге арналған перспективалық ас мәзірін таныстырды. Ас мәзірі санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес әзірленгені, балалардың жас ерекшеліктері мен физиологиялық қажеттіліктері ескерілгені атап өтілді.

Қамқоршылық кеңес мүшелері ас мәзірін қарап, тағамдардың сапасы мен әртүрлілігі бойынша ұсыныстарын білдірді.

Қаулы етті:

1. Балабақша тәрбиеленушілеріне арналған перспективалық ас мәзірі бекітілсін.
2. Ас мәзірінің санитариялық талаптарға сәйкестігі тұрақты бақылауда ұсталсын.
3. Тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
4. Ата-аналарды бекітілген ас мәзірімен таныстыру қамтамасыз етілсін.

Дауыс беру нәтижесі:

- Қолдады – 4адам
- Қарсы – жоқ
- Қалыс қалды – жоқ

Шешім бірауыздан қабылданды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: _____

Хатшы: _____



_____ / Мисирбекова М.Б.